

# Ақтау технологиялық қызмет көрсетеу коллежінің жатақханасында тұру туралы

№ \_\_\_\_\_ Шарты

**Ақтау қаласы**

«29 » 08 2024 ж.

Маңғыстау облысының Әкімдігі Маңғыстау облысының білім басқармасының «Ақтау технологиялық қызмет көрсетеу коллежі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі «Колледж», оның атынан **басшы Абдуллаев Кадирбек Батешұлы**, Колледж Жарғысы негізінде әрекет ететін, бір жақтан және екінші жақтан бұдан әрі «Асмест Улас 4 ледающими же и лучше курсант көрсетеу аниважиониу исходеи», бұдан әрі «Жалға алушы», осы шартты төмендегі туралы жасасты:

## 1. ШАРТТИҢ МӘНІСІ

- 1.1. Колледж, **Ақтау қаласы, 27 шағын аудан, 58 гимарат**, 17 ш.а 118үй мекенжайында орналасқан **жатақханасынан** студенттерге орын береді.
- 1.2. Студентті жатақханаға орналастыру, осы шарт және осы шарттың ажырамас болігі деп табылатын, орналастыру ордераіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.3. Жатақхананың бір айлық төлем ақысы **7,195 тг (жеті мың бір жұз тоқсан бес)** теңгені құрайды және коммерциялық құрылымдарға (қосымша шығындарға) төлемақы 50% қосылады.
- 1.4. Төлемақы нарықтағы коммуналдық баға өскен жағдайда өзгеріп отырады.

## 2. КОЛЛЕДЖДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 2.1. Ағымдағы заңнамаға, құқықтық нормаларға және ішкі құжаттарға сәйкес, Колледж Жалға алушыларға жатақханада тұру бағаларының мөлшерін белгілейді. Жатақхана әкімшілігі айнала бір рет студенттердің өмір қауіпсіздігін және санитариялық- гигиеналық деңгейін сақтау мақсатында әрбір бөлмені тексеруге құқылы.
- 2.2. Колледж студенттің, қажеттілікті инвентарлық жиһазben, төсек-орын жабдықтарымен қамтамасыз етеді, жатақхананы су, электрқуатымен, мәдени-көпшілік, спорттық және сауықтыру іс-шараларына қажетті құрал-саймандары және жабдықтарының, сондай-ақ бөлмелерді дезөндөуден өткізу, құртқұмырсқа мен кеміргіштерге қарсы іс-шараларының шығындарын каржыландырады.
- 2.3. Колледж Студенттің бос уақытын тиімді пайдалану үшін акт зал, интернет, WI-FI жүйесі, оқу залы, демалу бөлмелерімен қамтамасыз етеді.
- 2.4. Студенттің бөлмедегі жеке заттары мен мүлігінің сақталуына жатақхана әкімшілігі жауап бермейді.
- 2.5. Жатақханада тұруши барлық Студенттер жатақханаға тиісті аумактар мен орынжайларда сәйкес тұрдегі тазалық тәртіптерін сақтауға тартылады (сенбіліктер).
- 2.6. Студенттің қауіпсіз тұруын қамтамасыз ету мақсатында, жатақханада бейнебақылау (дәліз, буфет, кір жуатын бөлме, кітапхана, компьютер класы т.б) және (турникет, вахта) өткізу тәртібін жүргізеді.
- 2.7. Келесі жағдайларда, шартты мерзімінен бұрын бұзуга құқылы:
  - Студент жатақхананың ішкі тәртіп Ережелерін тұрақты бұзғанда, сонын ішінде жатақханада өзі, сондай-ақ оның шақырған тұлғалармен бірге

біржолғы мас немесе есірткілік масаю күйінде келсе немесе алкогольдік ішімдіктер және есірткі заттарды қолданған жағдайда;

- Жатақхананың әкімшілігіне белгіз себептермен жатақханада бір ай мерзімде тұрмаса;
- Студентті үлгермеушілігіне және оқу тәртібін өрескел бұзғаны үшін Колледжден шығарғанда;
- Құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылса;

2.8.Студентті оның құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ студенттік жатақханалардың қызметін үйымдастыруына байланысты нормативтік құжаттар және оларға енгізілген өзгерістер туралы уақытылы мәлімдейді.

### **3. СТУДЕНТТИҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ**

3.1.Студенттік жатақхананың ішкі тәртібін, қауіпсіздік техникасын және өртке карсы қауіпсіздікті, жатақханада тұру санитариялық-гигиеналық нормаларын, сондай-ақ жеке гигиенасын орындайды.

3.2.Жатақхананың тұратын бөлмесінде тазалау жүргізеді, жатақхананың ортақ пайдаланатын орындарында тазалық ұстайды. Айна бір рет жатақханада генералдық тазалық өткізуге.

3.3.Оқу жылы біткен соң, тұратын бөлмесінде тазалық жұмыстарын жүргізеді, оның атында барлық есептелген төсек-орын жабдықтарды, жиһазды, құрал-саймандарды, жабдықтарды және өзінің бөлмесінің кілттерін жатақхана менгерушісіне тапсырады.

3.4.Инвентарлық жабдықтарды, тұратын бөлмедегі, сондай-ақ ортақ пайдалану орындағы жиһазды бұлдіргені үшін, сондай-ақ құрал-саймандарды жоғалтқаны үшін, Колледждің уәкілетті тұлғалардың актісімен анықталған нақты зиянның көлемінде, заңнамамен белгіленген түрде, муліктік жауапкершілік тартады.

3.5.Студент, оқу біткен соң, сондай-ақ Колледжден шығару немесе академиялық демалыста болған жағдайда, алдын ала тұрған кезде алған жатақхананың инвентарлық мүлкісін жатақхана менгерушісіне тапсырып, белгіленген тәртіpte тіркелу есебінен шешіледі және жатақханада жатқан төсек-орынды 5 күнтізбелік күн мерзімде босатады.

3.6.Бірінші жарты жылдық бойынша төлемакының елу пайызын (50%) Студент жатақханага орналасқанға дейін жүзеге асырады. Алдын ала, 3 күнтізбелік күн мерзімде, жазғы демалыс басталмай, Студент жатақханада тұрғаны үшін толықтай есептеседі.

3.7.Қоғамдық жұмыстарының барлық тұрлеріне қатысады, соның ішінде жатақхана қабаттарында, сондай-ақ студенттер кенесінің кестесі бойынша кезекшілікке тұрады.

3.8.Жеке құжаттарында барлық өзгерістер (паспорт аудысу, тегі, тұрақты тұру орны, тағы да б.ж. өзгергенде) міндетті түрде жатақхана менгерушісіне мәлімет береді.

3.9.Студенттердің тұру қаупсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сактау мақсатында жатақханага келу 22:00 дейін рұқсат беріледі.

3.10. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы №26 бұйрығына сәйкес міндетті мектеп формасын сактау;

### **4. СТУДЕНТ МІНДЕТТИ:**

\* жатақхана бөлмесінде тазалық жүргізуге, тәртіп сактауга;

\* жатақхана әкімшілігі мен қызмет көрсетуші қызметкерлерге әдептілік көрсетуге;

- \* жатақханадан шықканда өз бөлмесіндегі терезені, балконды, есікті кілттеп, кілтін жатақхана қызметкеріне беруге;
- \* жатақханадан көшкен жағдайда 5 күнтізбелік күн бұрын жатақхана қызметкерін ескертуге;
- \* жатақханага тиісті аумакты ластаушы қоқыстар мен шылым қалдықтарын терезеден лактырмаяуға;
- \* 22.00 дең бастап таңғы 09.00 ге дейін көрші тұргын үйлердің және жатақхана тыныштығын сақтауға;

## **5. СТУДЕНТТЕРГЕ МҮЛДЕМ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

- \* бөлменің кілтін бөтен адамға беруге;
- \* бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше орналасуға;
- \* бөлмеде жануарлар ұстауға;
- \* жатақхана бөлмелерінде электр құралдарын: электр пештерін, жылытқыштарды пайдалануға;
- \* жатақханада алкогольді және есірткі заттарды тұтынып мас күйінде келуге, жүргүре;
- \* шулауға және музыканы қатты қойып тыңдауға, жеке басының мерекелік шараларын өткізуғе;
- \* жатақхана бөлмелерінде құмар ойындарын (карта) ойнауға;
- \* жатақхана бөлмесінде тамак әзірлеуғе.

Актау технологиялық қызмет көрсету колледжі өз тараپынан колледж студентінің жатақханасына орналасқан мезгілде кезекшілік үйымдастырады, жатақхананың тазалығына, мұліктердің сақталуына, жатақхана ауласына тазалық жұмыстарын жүргізуғе ат салысады өз мойнына алады.

\* Жатақхана аумағына авто, мотоцикл, мопед көліктерімен кіруге және автотұрак ретінде пайдалануға тиым салынады.

## **5.ШАРТТЫҢ КУШІ**

- 5.1. Осы шарт, оған жақтармен қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 4 оку жылы мерзіміне жарамды.
- 5.2. Осы шарт, оны 2.7. т-да көрсетілген жағдайларда Колледж бастамасымен мерзімінен бұрын бұзған жағдайда күшін жоғалтады.
- 5.3. Барлық қалған жағдайда, шарт мерзімінен бұрын өзіне ыңғайлы уақытта Студенттің бастамасымен бұзыла алады.
- 5.4. Осы шартта уәделеспеген барлық басқа шарттар, тек қана бұның ажырамас бөлігі болып табылатын косымша жазбаша келісімді дайындаған кезде күшіне енеді.
- 5.5. Заңнамамен көзделген, бірақ осы шартпен келісілмеген шарттар, осы шартқа қарамастан әрекет етеді.
- 5.6. Шарт 2 данада дайындалған және бір данадан әр жақта сақталады.

**Шартқа қол қоюшы тараптар**

<b>Колледж</b>	<b>Жалға алушылар</b>
<p>Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27 шағын аудан, 58 ғимарат  <b>РНН 430600036200. БСН 860440000021</b>  <b>ЖСК KZ 556010231000036005 (бюджет),</b>  <b>БСК HSBKKZKX</b>  <b>Кбе 16</b>  <b>«Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ</b></p> <p>Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі» басшысы:          К.Б. Абдуллаев</p> <p style="text-align: right;"><i>Абдуллаев</i></p> 	<p>Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, 88 ғимарат  <b>РНН 430 100 215 015.</b>  <b>БСН 020 640 003 415.</b>  <b>БСК KCJBKZKX.</b>  <b>ЖСК KZ888 560 000 000 062 914</b>  <b>АҚ «Центрокредит» Банкі</b>  <b>РНН 430 100 011 891</b>  <b>БСН 980 741 000 394</b>  <b>SWIFT KCGBKZKX</b></p> <p>«Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжі» басшысы: У.К. Кадырбаева</p> <p style="text-align: right;"><i>Кадырбаева</i></p> 